

Тажиева С.Қ., Шалдаров Б.Б.

Қазақстандағы білім беру саласының өзекті мәселелері

Қазақстанда соңғы 10 жылдықта қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі – білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына да өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмытылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы білім беру жүйесінің ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігумен анықталады. Білім берудің әртүрлі деңгейлері үшін бағдарламаның үйлесімділігін қамтамасыз ету арқылы білім берудің мазмұнын жаңарту маңызды болып табылады. Жалпы оқу процесін ұйымдастыруды қатаң стандарттаудан ұдайы жетілдіруге бағдарланған, ақылға қонымды шекте реттеліп отырған нысанға көшіруді жүзеге асыру күтіп тұр.

Түйін сөздер: білім беру, бастауыш білім беру, жоғары білім беру (бакалавриат), жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура), докторантура.

Tazhiyeva S.K., Shaldarov B.B.

Basic problems in the system of education the Republic of Kazakhstan

The last 10 years in Kazakhstan there are significant changes not only in the socio-political sphere. And one of them is – a sphere of education. Whatever I did not have time care and education of young generation is the most important, responsible work. Therefore, education is greatly influenced by changes and innovations in the way to the improvement and development of the country. There is a need to drive for a worldwide area of education, to new situations in the development of society, the problems that have arisen out of nowhere, comes into the world educational area. The current goal of the educational system – training of personnel capable of competitively. From this point of view, Kazakhstan's strategy in the field of education and science is determined entry into the world educational space, while preserving the national education and the idea of education in the education system. Particularly important is to update the content of education by ensuring that the optimal ratio of programs at different levels of education. In general, the organization of training-Trial waiting for changes in the form of transition from strictly standardi.

Key words: education, primary education, higher education, doctorate.

Тажиева С.Қ., Шалдаров Б.Б.

Основные проблемы в системе образование РК

Последние 10 лет в Казахстане происходят значительные изменения не только в социально-политической сфере. И одним из них является сфера образования. В каком бы не были времени-воспитание и образование молодого поколения являются самыми важными, ответственными делами. Поэтому в сфере образования большое влияние оказывают изменения и новшества по пути к совершенствованию и развитию страны. Есть необходимость к стремлению к всемирной зоне образования, к новым ситуациям в развитии общества, проблемам, возникшим из ниоткуда, заходу в всемирную зону образования. Сегодняшняя цель образовательной системы – подготовка конкурентноспособных кадров. С этой точки зрения стратегия Казахстана в области образования и науки определяется вхождением в мировое пространство образования, при этом сохраняя национальное образование и идеи воспитания в системе образования. Особо важным является обновление содержания образования посредством обеспечения оптимального соотношения программ на разных уровнях образования. В целом организацию процесса обучения ждут перемены в виде перехода с жестко стандартизированной системы на форму с более мягким регулированием и направленным на постоянное улучшение.

Ключевые слова: образование, начальное образование, высшее образование, докторантура.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XXI ғасыр-жаһандық жаналықтар ғасыры ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры да, өйткені, ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасымен деңгейін көтеруде айрықша маңызды рөл атқарады

Қазіргі таңда Егеменді еліміз оқу-ағарту ісіне, білім беру мен білім сапасын көтеру жұмыстарына, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ерекше мән беруде. Білім берудің жаңа моделі жасалынып, білім жүйесінде жаңа бағыттар мен мемлекеттік стандарттар жаңартыла бастады. Сонымен қатар, білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданысқа ие болуда.

Қазақстан жоғары білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді. Тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды процесті жүзеге асыруға бағытталған:

- ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу;
- әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен үйлесімі жеткіліксіз болып отыр. Қазір білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр, оның жүйесінің негізгі принциптері «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген.

Қазақстан 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы бойынша білім беру жүйесінің алдына білім беру кеңістігіне интеграциялау мақсаты қойылды.

Бұл мақсатқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы мен үкіметі бекіткен орта білім беру жүйесін ақпараттандыру, жаңа буындағы оқулықтарды әзірлеу мен енгізу және басқа да бірқатар бағдарламаларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Алдағы кезеңде іске асырылатын «Білім» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, оның мақсаты сапалы білім беру-

ге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің ұлттық моделін тиімді дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленді. Білім беру сапасы бұл ретте әлемнің дамыған елдеріндегі біліммен салыстырарлық болуға тиіс.

Білім беруді дамытудың сапасын арттыруды жүзеге асыру мемлекеттік негізгі мәселе, сондықтан білім беру саласын оқу әдістемелік және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Бүгінгі күні білім беру жағдайы, күйі, болашағы жаңа кезеңге жол ашпақ. Білім беру жүйесінің тарихына оралсақ, онда сауатсыздықты жою жолымен алғашқы ағартушылық жолын көреміз. Ең бастысы ата-бабамыз кітапты оқып білуді, әріпті жаза алуды көздесе, қазіргі кезде жастарымыздың оқу сауалы жоғарлады. Көптеген оқу-орындарының оның ішінде мектептер, колледждер, университеттер, оқу негіздері ашылды. Қазіргі уақытта білім берудің мазмұнына талдау жасау өте қиын.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін алған уақыттан бастап, білім беру жүйесі жаңа кезеңге көшті. Еліміздің білім беру жүйесінің жеткен жетістігі аз емес, дегенмен жаңа саясат яғни бағытты көздейтін жолды іздестіру керек.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі білім беру стандарттарын бекітіп, оқулықтар жаңа стандартқа сай жасалуда.

Республикамыздың білім беру деңгейінің сапасын арттыру мақсатында білім беру мазмұнын – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіздеу қажет болып табылады.

Білімділік деңгейін көтеру халық өмірінің сапасын арттырудың неғұрлым маңызды көрсеткіштерінің бірі. Аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуының аса маңызды шарты ретінде білім беру саласының серпінді дамуын сақтау және қолдау әлеуметтік саясаттың негізінде жатады. Жеке тұлғаның, қоғам мен еңбек нарығының сапалы және қол жететіндей білімге қажеттілігін қанағаттандыру жағдайларын қамтамасыз ету – білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты.

Білім беру – тәрбие және оқыту, оның мақсаты қоғамдағы тұлғалардың кәсіби негізі барысында интеллектуалды, мәдениетті және тәрбиелі дамуының жоғарғы деңгейіне жету болып табылатын үздіксіз процесс.

Халықаралық стандарт білім беру классификациясына сәйкес «білім беру» терминін білім алу барысында мақсатты және жүйелі қызмет деп түсіндіреді, сонымен қатар келесідей анықтамалар береді:

Білім беру қызметі – білім беру процесінің нәтижесі, ол осы қызметпен құрылған, ол білім алып жатқандардың қызметінің мақсатын ашады. Білім беру қызметі – бекітілген ережелерге сәйкес категориялар мен критерийлер арқылы профессионалды деңгейге жету.

Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі. Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен әзірленеді [8].

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтарға мемлекеттік білім мекемелеріне тегін орта білім алуға кепіл береді. Орта білім алу міндетті болып табылады. Тегін жоғарғы білім алу конкурстық негізде орындалады.

Білім тарихына тоқталатын болсақ, Ұлы ұстаз, мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептер Қазақстан жеріндегі алғашқы білім және мәдениет ошақтары болды. Сонау XIX ғасыр соңында балаларды ғана емес, бүкіл қазақты көшпенділіктен отаршылыққа бейімдеп, сауатын ашып, білім мен мәдениет жолына сүрлеу салған Алтынсариннің инновациялық қызметі төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады [10].

Кеңес үкіметі кезеңінде республикада білімнің тиімді жүйесі қабылданған болатын. Күндізгі оқу бөлімінен басқа сырттай және кешкі оқу түрлері болған, жастар жағы жұмыс істеп жүріп толық орта білім алуға болатын.

Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалы мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді.

Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіктеріне сай болуды талап ете отырып әсерін тигізеді.

Білім беруді дамыту Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан-2030» стратегиясына, «Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриалдық инновация-


лық даму стратегиясына», «Білім» мемлекеттік бағдарламасына, Баланың құқықтары туралы конвенцияға, Техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі конвенцияға, Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясына, Жоғары білім жөніндегі бүкіл дүниежүзілік конференцияның декларациясына, Болоньядағы Еуропа елдері білім кеңесінің, Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттер білім министрлерінің және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің білім беру саласындағы ынтымақтастығы жөніндегі кеңесінің, Еуразия Экономикалық Қоғамдастығының Интеграциялық комитетінің жанындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы жөніндегі кеңестің конференцияларының ұсынымдарына сәйкес әзірленген.

Кредиттік технологияға негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі (бакалавриат-магистратура-

докторантура Ph.D) заңнамамен бекітіліп отыр. Бұл Болон декларациясының ережелері мен халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Халықаралық білім беру стандарттары туралы сөз еткенде, олардың бір іздендірілгендігін емес, үлгісінің жетістіктерін, мамандар даярлаудың жоғары сапасы мен кәсібилігін айтады. Өйткені «білім беру стандарты» ұғымы шетелдерге біздегіден өзгеше түсіндіріледі. Білім беру стандарттары бар елдерде оқу процесіне қандай да бір регламент қойылмайды. Онда оқу орындары үлкен академиялық құқықтар мен дербестікке ие (сурет 1) [10].

Заң жобасында білім беру жүйесінің даму басымдығы, барлық азаматтар үшін сапалы білім алудың жариялылығы мен қолжетімділігі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік ұйымдарды қаржыландыру мемлекеттік және жергілікті бюджет арқылы жүргізіледі.



1-сурет – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі [10]

Білім беруді қаржыландыру жүйесі – республикалық және жергілікті бюджеттердің, басқа да кіріс көздерінің жиынтығы.

1. Білім беруді қаржыландыру жүйесі:

- 1) тиімділік пен нәтижелілік;
- 2) басымдық;
- 3) айқындылық;

4) жауаптылық;

5) бюджеттердің барлық деңгейлерінің ара жігін ажырату мен дербестік принциптеріне негізделеді.

2012-2014 жылдары білім беру саласына республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылды (кесте 1).

1-кесте – 2012-2014 жылдарға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыру көзі [11] млн.тенге

Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет
2012 жыл	1264606	343580	921026
2013 жыл	1284423	357807	926616
2014 жыл	1471699	402041	1069658

Қаржылардың өткен жылдармен салыстырғанда көп жұмсалуды «100 мектеп 100 аурухана» бағдарламасының іске асуымен байланыста. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында күрделі жөндеу жүргізу, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, қала мен аудандардың білім беру жүйесін дамыту жөніндегі бағдарламаларды орындауға бағытталды.

Мемлекет басшысы 2015 жылғы Қазақстан халқына жолдауында отандық білім жүйесін бәсекеге бейімдеп құру жөніндегі нақты тапсырма беріп, ұлттың өресі білім нәрімен сусындағанда ғана өсетінін, білім сапасын халықаралық дәрежеге көтеру мен әлемдік білім тайталасында дамыған мемлекеттермен деңгейлес болу мәселесін қадап айтты.

Еңбек нарығындағы жағдайды және өндірістің өсуін түбегейлі жақсарту үшін орта буындағы білікті жұмысшы кадрлары мен мамандарды даярлау маңызды. Кәсіптік мектептер мен колледждердің білім беру сапасын жоғары даярлықты қамтамасыз ете отырып, сан алуан топтарға жататын отбасылар үшін қол жетімді, осы заман талаптарына неғұрлым барабар әлеуметтік арнаны ашуға болады.

Білім берудің болашағын дамыту үшін бюджет қаражатын барынша жұмылдыру мақсатындағы тиісті институтционалдық қолдауды қамтамасыз ету қажет.

Білім беру саласының кемшіліктері ретінде қызметкерлерді қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруді айтуға болады. Осы себептен елдің болашақ мұқтаждарына жауап бермейтін мамандар даярлау орын алып отыр.

Елдің жетекші университеттерінде ғылыми және инженерлік зерттеулер жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастырудың нақты тетігі жоқ, сондықтан да университеттер мен ғылыми зерттеу институттарының мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін зерттеушілік гранттар мен кредиттерді алуына салауатты бәсекені дамыту үшін жағдай жасалмаған.

Оқытудың сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру қызметкерлері мен ұйымдарын материалдық ынталандыру жүйесі жоқ.

Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны фактология күйінде қалып отыр, пәндік тәсілге негізделген мемлекеттік стандарттар моральдық тұрғыдан ескірген. Оқушының даралығына бағдарланған білікті көз қарас жоқ. Мектепте оқу оқушының өмірлік жолын, мүдделері мен перспективаларын таңдауына нақты дәлелдемелер бермейді. Жоғары сынып оқушыларының тек 30%-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіби қызметті таңдайды, Демек, бұл жоғары сынып оқушыларының 70%-ының өмірден өз орындарын табуға мүмкіндігі аз деген сөз.

Білім беру саласында қалыптасқан ахуал республиканы дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Білім беру жүйесіндегі басты міндет халықтың барлық деңгейлермен сатыларда сапалы білім алуына қол жетімдігін кеңейтумен айқындалды. Осыған байланысты білім саласындағы күш жігер оның сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға бағытталуы тиіс. Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен іліспе мақсат үздіксіз білім беру принципі еңгізу болып табылады. Сапа мынадай аспектіде қарастырылады: қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрбірі өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгерішіл дамуын қамтамасыз ететін бірінші ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпы әлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Алдағы 10 жыл ішінде білім беру жүйесін адамды біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осы білімді білікті пайдалана білу және үздіксіз оқу

дағдыларына баулу жүйесі етіп қайта құру күтіп тұр.

Білім беру жүйесі экономикалық және әлеуметтік салалардан оқшау тіршілік етуін тоқтатуға тиіс. Оны үлкен әлеуметтік-экономикалық жүйенің бір бөлігі болу және ел экономикасын адам ресурстарымен қамтамасыз ету міндеттерін шешу күтіп тұр.

Жалпы білім беру жүйесін дамытуда келесідей міндеттерді шешуді қажет етеді:

– оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету;

– білім беру ісіндегі басқару жүйесін жетілдіру;

– білім беру саласына мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржыны тиімді игеру.

– білім беру жүйесінде әріптестікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

– білім мен ғылымның іс жүзінде шетелдік білім беру салаларымен интеграциялануын қамтамасыз ету;

– ресурстарды жұмылдыру арқылы білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру.

Білім берудің әр түрлі деңгейлері үшін бағдарламаның үйлесімділігін қамтамасыз ету арқылы білім берудің мазмұнын жаңарту маңызды болып табылады. Жалпы оқу процесін ұйымдастыруды қатаң стандарттаудан ұдайы жетілдіруге бағдарланған, ақылға қонымды шекте реттеліп отырған нысанға көшіруді жүзеге асыру күтіп тұр. Жаңарудың әрбір кезеңіне жеткілікті ресурстық қамтамасыз етумен қолдау көрсетілуге тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 18 қаңтар 1992 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // 2012
- 3 Ысмағұл Н. Білімді ел – бәсекеге қабілетті ел // Атырау облыстық газеті – 2014, 28 тамыз
- 4 Әбдіманапов С.К. Кредиттік оқыту жүйесі // Егемен қазақстан – 2004 1 қазан
- 5 Интернет көзінен <http://el.kz/m/articles/view/content-4021> // 2012 4 желтоқсан
- 6 Түймебаев Ж. «Білім туралы жаңа заң – сапалы білімге кепілдік береді» // Егемен Қазақстан 2007, 16 тамыз
- 7 «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Білім және ғылым хабаршысы, 2013, № 1, 3-18 б.
- 8 Қоңыратбай Т., Әуелбаева С. «Ы.Алтынсарин – Білім мәдениетінің негізін салушы» // Білім, 2014. – №3. – 36-39 б.
- 9 Садвакасова З.Т. Образование в Казахстане: начало и конец XX века» // Саясат, 2014. – № 12 – С. 77-80.
- 10 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» // Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 Жарлығы
- 11 Интернет көзінен www.stat.gov.kz

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany, 18 kantar 1992 zh.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn bilimdi damytudyn memlekettik bagdarlamasy // 2012
- 3 Ysmagul N. Bilimdi el – basekege kabilette el // Atyrau oblystyk gazeti – 2014, 28 tamyz
- 4 Abdimanapov S.K. Kredittik okytu zhyjesi // Ege men Kazakstan – 2004 1 kasan
- 5 Internet kozinen <http://el.kz/m/articles/view/content-4021> // 2012 4 zheltoksan
- 6 Tujmebaev Zh. «Bilim turaly zhana zan – sapaly bilimge kepildik beredi» // Ege men Kazakstan 2007, 16 tamyz
- 7 «Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhyлга dejingi bilim berudi damytu tuzhyrymdamasy // Bilim zhane gylym habarshysy, 2013, № 1, 3-18 b.
- 8 Konyratbaj T., Auelbaeva S. «U. Altynsarin – Bilim madenietinin negizin salushy» // Bilim, 2014, №3 36-39 b.
- 9 Sadvakasova Z.T. Obrazovanie v Kazahstane: nachalo i konec XX veka» // Sajasat, 2014. № 12 s.77-80
- 10 «Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2011 – 2020 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы» // Kazakstan Respublikasy Prezidentinin № 1118 Zharlygy
- 11 Internet kozinen www.stat.gov.kz